



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

7. Литвинский Б.А. Сложносоставной лук в древней Средней Азии: К проблеме эволюции лука на Востоке // СА. 1966. №4. С. 51-69

ӘОЖ: 94 «1941/1945»

НҮРКЕН ӘБДІРОВ- ҚАЗАҚТЫҢ ДАҢҚТЫ ҚЫРАНЫ

Раманқұл Ерғасыр Сәкенұлы

Ergasyr_ramankulov@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Сәулет және құрылыс факультетінің 1 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қаленова Т. С.

1941 жылы 22 маусымда Ұлы Отан соғысы басталысымен КСРО Жоғарғы Кеңесі Алқасының әскер қызметіне міндетті адамдарды мобилизациялау туралы Бұйрығы шығады. 1941 жылдың 23 маусымынан әскер қатарына алу басталды. Алдымен 1905-1918 жж. туған азаматтар шақыртылды. Мобилизациялау жұмыстары жедел және ұйымдасқан тәртіппен жүргізілді. Алғашқы кездің өзінде-ақ 5,3 млн адам Кеңестік Әскер қатарына алынды. Қазақстаннан 1,9 млн адам мобилизацияланған. 1939 жылғы санақ нәтижесі бойынша соғысқа дейін жалпы халық саны 6,1 млн адам болса [1], республиканың әрбір төртінші азаматы соғысқа аттанған. Партия қатарынан 82 251 коммунист, жастардан 241 996 комсомол майданға жіберілді [2].

1941 жылдың 18 қыркүйегінде Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің КСРО азаматтарын жалпыға бірдей міндетті әскери оқуға тарту жөніндегі қаулысы жарияланды. Әскери оқу қаулы бойынша 1941 жылдың қазан айының 1-нен бастап енгізілді. Оқуға Қызыл Әскерге резервтер дайындау мақсатымен 16 мен 50-дің арасындағы ер-азаматтар тартылды. Әскери дайындықтан өткен жауынгерлер елде құрылып жатқан әскери бөлімдер мен құрамаларға жіберілді. Бұл кезде 2 млн шамасында қазақстандық әртүрлі мамандықтар бойынша жауынгерлік дайындықтан өтті. Әскери дайындықты өткізуге Комиссариаттармен бірге арнайы нұсқаушылар қатысты. Сонымен қатар, бұл жұмысты бағыттап, қадағалап отыру мақсатында партия комитеттерінде әскери бөлімдер құрылды.

Соғыс - өмір мен өлім арпалысы, адам жаны шүберекке түйілер қас-қағым сәттен тұратын зұлмат. Оның психологиясын соғыс майданына қатысқан жауынгер ғана бар жан-тәнімен түйсіне алады. Ұрыс алдындағы жауынгердің ішкі жан дүниесі тебіренісін ұшқыш, қазақтың қаһарман ұлы, Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтің 1942 жылдың 23 қазанында тұңғыш рет әуе шайқасына аттанар алдында туғандарына жолдаған хатынан дәл ұғынуға болады. Хаттың толық мәтіні ұсынылады: «Амандық хат! Аса қадірлі ата-ана, Сәрсен, Асқап, Светлана. Қалай аман-есен денсаулықтың арқасында жақсы жағдайда жүріп жатқан боларсыздар. Қалдарыңыз жақсы болар. Меннен қал хабар білмек болсаңыздар аман сау жақсы жағдайда жүріп жатқан жағдайым бар. Қалым жаман емес. Бірталай уақыттан бері сіздерден толық хабар хат алғаным жоқ. Кейінгі уақыттың ішінде Сәрсеннен екі рет хат алдым. Хабарларыңызды естіп өте қуанып қалған едім. Апа! Бірталайдан бері дайындалған уақыт бітті...ештеңе болмаса бүгін бе сол қызу болып жатқан жерге барамыз. Сондықтан бүгін түнгі ұйқыны төрт бөліп сіздерге-қайран әке-шеше, аға-жеңге, қарындасқа керосин лампасының жарығының астында кешірім сұрап- кең- жазық уақытта ең ақырғы хатымды жазып оырмын.

Кім біледі: соғыс өлімсіз болмайды. Жетсе жаудың қаңғырған қорғасын оғы тас қаққандай қайнаған жүрекке тиген күні болатын болса жас өмір ішінде алдарыңызға шығып, қатты сөз айтқан болсам, кей жасөспірім жігіттей болып сіздерді ұмытып басқа нәрсеге көңіл бөлген болсам, және де тілдеріңізді алмаған күндерім болса- бүгін осы ақ қағаз бетіне жазылған хат

арқылы жас басымды сіздердің аяқтарыңызға салып, кешірім сұраймын. Міне, осы хатты жазып отырған уақытта өткен күндер көз алдыма елестеп отыр. Сондықтан мен жас жанымды жауға бос бере қоймаспын, егер өлетін болсам да жастығымды алып өлермін. Неге десеніз менің қолымда немістерге қорғасын сыбаға беретін жылдам ұшақ аэроплан бар. Маған партия мен совет үкіметі осындай ең алдыңғы техниканы сеніп қолыма бергенмен, кейін мен ондай жақсы техниканы неміске қарсы ұстауым керек.

Апа-Әди сіздерге айтатыным: мені ойламаңыздар «Көппен көрген ұлы той» деген мақал бар емес пе. Егер немістің көзін құртпасақ! Немісті өлтірмесек, олар бізді өлтіреді- сіздерге бұрынғыдай қызықты уақыт пен бостандық болмайды. Сондықтан сіздер аса көп ойламаңыздар. Ертең Сабек, және өзімнің әрі менің жолдастарымның фотокарточкелерін поштамен жіберем. Сактаңыздар! Кім біледі?

«Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деген мақал бар емес пе. Тірі болсақ қосылармыз. Апатай, үлкен үйдің ішіне толық хат жазайын деп едім, бір минөт бос уақыт жоқ. Сондықтан осы хатта жазылған кешірім сұраған сөздерім ағатайым мен тәтеме де бірдей, егер ол кісілерді тумағандай көріп басқа адамға санап сыйлай және де тілдерін алмаған күнім болса-кешсін. Осы хатты өздеріне оқытарсыздар. Және де басқа туған туысқандарға да меннен үш қайтара сәлем айтарсыздар.

Ықын мен Кенжебекке мен туралы бір ауыз сөз айтпаңыздар. Кенжебек «большой начальник» сондықтан бір рет хат салған жоқ. Ал Ықын қолы хат тие тұра, бір жапырақ қағазға аманмын деп хабар білдіре алмаған соң, не ұят бар. Туысқан деуге бола ма? Әрине, жоқ.

Зылиха мен Шамшиденге санаса сан жетпейтін сәлем. Қадірлі туған-туысқандарым. Әкешеше таң болса атты, қазір ұшуға барамыз, сондықтан хат аяғын қылуға рұқсат етіңіздер.

Хош сау болыңыздар. Аmandықпен жолықтыруға жазсын.

Нүркен

P.S. Менен хат алмай маған хат салмаңыздар.

23 қазан 1942 ж.

Тростяньк ст.» [3].

Алайда Нүркен Әбдіровке туған-туыстарымен аmandықпен қауышуды тағдыр жазбады. Оның өмірі бар-жоғы 24 жасында қыршыннан қиылады. Н. Әбдіров 2 ай ғана қанды майданға қатысқан уақытында 16 рет әуе шайқастарына қатысып, фашистердің 12 танкісін, 28 автомашинасын, 18 оқ-дәрі тиелген мәшинесін, 3 жанармай цистернасын, 8 зеңбірегін жойып жіберіп, 50 неміс солдаты мен офицерін жаһаннамға аттандырған.

Нүркен Әбдіров жиырма жасында Қарағандының аэроклубында ұшқыштар курсы бітіріп, запастағы ұшқыш атағын алып шығады. Арада бір жыл өткен соң Қызыл Армия қатарына шақырылады. 1942 жылы Орынбордағы авиаучилищені бітірген соң 267-авиация дивизиясының құрамындағы 803-авиациялық шабуылшылар полкіне жіберілді.

Нүркен Әбдіров 1942 жылы 19 желтоқсанда 17-жауынгерлік сапарына ИЛ-2 ұшқыштар звеносын басқарып шығып, жаудың Беков-Пономаревка ауданындағы (Сталинград шебінде) бекінісімен шоғыр-ланған техникаларын жоюға аттанады. Сол сапарында өрт шалған ұша-ғын жау техникасы шоғырланған жерге бағыттап, қаһармандықпен қаза табады. 1943 жылғы 31 наурызда Н. Әбдіровке Кеңестер Одағы Батыры атағы берілді [4].

Соғыс Нүркен Әбдіров сияқты қаншама бозбалалар мен бойжеткендердің жастығын «ұрлады». Жас ағаштай енді ғана бой көтеріп көктей бастаған талай жастардың өмірі қыршыннан қиылып, асыл арман-мұраттарды қанды соғыс күндері жұтты.

«Екінші дүниежүзілік соғыста біздің ержүрек отандастарымыз жауынгер бабаларының даңқты жолын лайықты жалғастыра білді. Олар қазақтың қайсар, рухы биік, батыр халық екенін дүние жүзіне дәлелдеп берді. Арын - байрақ, намысын найза еткен ерлердің қаһармандығы аңызға айналды.

Қазақстан Ұлы Жеңіске зор үлес қосты. Бес жүзден астам қазақстандық жауынгер Кеңестер Одағының Батыры атанды. Талғат Бигелдинов, Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова сынды қазақтың батыр ұл-қыздарының ерліктері ұрпақ жадында өшпестей із қалдырды», [5]- деп Елбасы Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерекесімен құттықтау сөзінде Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлік пен қаһармандыққа толы биік рухын барша әлемге танытқан аға ұрпақтың жанқиярлық ісін дәл атап көрсеткен болатын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 г. Казахская ССР.- Москва: Госстатиздат, 1962. 202 с.
2. Козыбаев М. Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны.- Алма-Ата: Казахстан, 1964. 364 с.
3. Қаленова Т. 1941-1945 қанды майдан жылдарындағы қазақ жауынгерлерінің қаһармандығы // "ЕҰУ Хабаршысы", Тарих сериясы, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013.- №5 (96). –С. 121-127.
4. Көлбаев Т. Сталинградты қорғаған қазақстандықтар // Алаш айнасы.- 16 ақпан 2013.
5. <http://www.zakon.kz/>

ӘОЖ 342.511.7

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗГЕРУІ

Реймов Қусаин Ерболатұлы, Алпыспай Теңіз Айдынұлы.

history-11enu@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің III курс студенттері
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - К.И.Искакова

Қазақстандағы білім беру ісінің тарихы тереңде жатыр. Орта ғасырдың ерте кезеңдерінен-ақ халықтың сауат ашуы жүріп жатты. 7-8 ғасырларда ислам діні таралуымен көптеген медреселер ашылып, халық сол медреселерден сауат ашты. Мысалы, орта ғасырлардағы Отырар медресесінде қазақ жерінің ұлы перзенті, Шығыс Аристотелі, екінші ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фараби білім алды. Беріректе Уфадағы “Ғалия” медресесінде Т.Жомартбаев, М.Сералин, Б.Майлин, М.Жұмабаев, Семейдегі Ахмет Риза медресесінде Абай Құнанбаев оқыды. Бұл оқу орындарында дін жолын уағыздайтын пәндерден басқа заңтану, тарих, логика, риторика, география, философия, математика, астрономия, медицина, т.б. зайырлы пәндер оқытылған. Медреселердің жанында кітапханалар болды.

XIX ғасырдың ортасына дейін Қазақ даласында байырғы халықтың балаларын оқытуға арналған еуропалық үлгідегі мектептер жоқтың қасы еді, мұндай бастауыш мектеп 1841 жылы тек Бөкей Ордасында ғана ашылды. Отаршылдық аппараттың төменгі органдарына хатшылар мен тілмаштар даярлау үшін 1850 жылы Орынбор шекаралық комиссиясының жанынан қазақ балаларын оқытуға арналған жеті жылдық арнаулы мектеп ашылды [1, 523-679 б.].

1907 жылы Ресей империясында жалпы білім беруді енгізу туралы жоба жарияланды, онла бастауыш мектептер желісін құру көзделді. Жоба бойынша білім беру ісі 7-11 жастағы балаларды қамтуға тиіс болды, бастауыш білім беруді 10 жыл ішінде енгізу жорамалданды. Нақ осы жылдарда бастауыш білім беру мұқтаждарына қаражат босату туралы заң(1908) және 1909 жылы Халық анарту министрлігі жанынан «мектеп-құрылыс қорын» құру туралы заң